Көлік салығы әртүрлі көлік құралдарының иелері үшін міндетті болып табылады. Төлемнен босатылған жекелеген санаттағы адамдар ғана ерекшелік болып табылады.

Бұл ретте салықты өткен жылдағыдай төлеу қажет-яғни 2023 жылға арналған төлем 2024 жылғы 1 сәуірге дейін жүргізіледі. Көлік салығы айлық есептік көрсеткіш (АЕК) негізінде есептеледі, ол 2024 жылғы 7% -ға өсіп, 3 692 теңгені құрады (2023 жылғы 3 450 теңге).

Салықтың нақты сомасын білу үшін қазақстандықтар түрлі онлайн-сервистерді пайдалана алады.

Салық міндетті екенін және төлемді кешіктіру көлік иелері үшін қарыз сомасының өсуіне әкелетін өсімпұл есептеледі. Әрі қарай, салық органдары сотқа жүгініп, тіпті шоттарды бұғаттауды, елден шығуға тыйым салуды, көлікті айыппұл тұрағына қою, жалақыдан, зейнетақыдан және басқа кірістерден ұстап қалуға қолдана алады. Бұл ретте қарызбен бірге жеке сот орындаушыларының қызметтерін де төлеуге тура келеді.

Естеріңізге сала кетейік, көлік салығы үшін қарыз мұрагерлерге беріледі. Сондықтан төлемді уақытында төлеп, кешіктіруге жол бермегеніңіз жөн.

Егер Қазақстан Республикасының аумағында Сізге тұрғынжайлар, ғимараттар, саяжай құрылыстары, гараждар, орынтұрақ орындары, құрылысжайлар, үй-жайлар және өзге де құрылыстар тиесілі болса, онда Сіз ол үшін салық төлеуге міндетті боласыз.

Мүлік салығын мүліктің орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңнен кейінгі жылдың 1 қазанына дейін төлеу қажет. Яғни, мысалы,

2024 жылға салынатын салықты 2025 жылдың 1 қазанына дейін төлеу керек.

Жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықты есептеуді салық органдары салық төлеушінің тұрғылықты жеріне қарамастан, салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 қаңтарына дейін құқықтық тіркелген жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша меншік құқығында иеленудің іс жүзіндегі мерзімін ескере отырып, салықтық базаға тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізеді.

Сонымен қатар, төлеуге жататын салық сомасын: «Жеке тұлғалардың алдағы салық төлемдерін қарау және төлеу» сервисі арқылы, мемлекеттік кірістер комитетінің порталында; «E-Salyq Azamat» мобильдік қосымшасында; салық салынатын объектінің орналасқан жері бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасында; екінші деңгейдегі банктендік мобильді қосымшалары арқылы білуге болады;

«Қазпошта» АҚ кассалары; төлем терминалдары арқылы да жүргізуге болады. Бұдан басқа, «Каспий банкі» АҚ және «Халық банкі» АҚ мобильді қосымшаларын пайдаланушыларға PUSH-хабарламалар түрінде жолданады.

Арал ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер Басқармасы.

ЗА СРЫВ ТЮЛЬПАНОВ ГРОЗИТ УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ



В связи с низким уровнем экологического воспитания проводится разъяснительная работа в школах. Об этом сообщил председатель Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов РК Данияр Тургамбаев на пресс-конференции Службы центральных коммуникаций, передает корреспондент агентства Kazinform.

- У нас низкий уровень экологического воспитания. Поэтому мы работаем совместно со школами. В марте начнется наша акция «Парад парков». В рамках этой акции мы планируем посетить каждую школу и проводить работу по экологическому просвещению. Мы будем разъяснять, какие растения и животные входят в Красную книгу, что с ними можно делать, а что нельзя, - сказал Д.Тургамбаев.


По его словам, в прошлом году отмечались случаи срывания тюльпанов в Алматинской, Туркестанской и области Жетысу.

- Но, поскольку тюльпаны занесены в Красную книгу, в первую очередь наступает уголовная ответственность. Это не входит в нашу компетенцию. В отношении людей, совершивших правонарушение, возбуждаются уголовные дела со стороны органов внутренних дел, - пояснил Д.Тургамбаев.

В апреле 2024 года сообщалось о том, что жительница Туркестанской области привлекается к ответственности за срыв тюльпанов.

По материалам М.Макулбекова, inform.kz,
фото: Максат Шағырбаев/ Kazinform.

ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫ ТУРАЛЫ



Туберкулез-ежелгі жұқпалы аурулардың бірі, жыл сайын 24 наурызда Бүкіл әлемде туберкулезбен күрес күні өткізіледі. Дәл осы күні 1882 жылы Берлинде доктор Роберт Кох архайсымызға қауіп төндіретін осы қорқынышты аурудың ашылғаны жарияланды.

Кохтың таяқшасы науқастың өкпесінде тез көбейіп, бейнелі түрде адам тігдерімен қоректенеді, адам ағзасын өзіннің өмірлік белсенділігінің өнімдерімен бұзады және ұландырады. Инфекцияның негізгі берілу жолы-ауа тамшылары (жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауаға енетін қақырық, мұрын-жұтқыншақ шырышымен).

Туберкулез көбінесе жасырын созылмалы ағымға ие, бұл оның таралу ықтималдығын бірнеше есе арттырады. Бірақ бұл ауыр ауруды уақытылы анықтау оңай, сондықтан емдеуді уақтылы бастау керек, сондықтан медицина қызметкерлерінің бақылауымен ауруды үздіксіз емдеу туберкулездің толық емделуіне әкеледі.

- 1. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде екі есе алу және 6-7 жаста қайта вакцинациялау.
2. Ересектер мен 15 жастан бастап жасөспірімдерге жыл сайын флюорографиялық тексеруден өту;
3. Балаларға арналған Манту сынамасын жыл сайын қою;
4. Салауатты өмір салтын сақтау (мысалы шылмы шекпеу, алкогольге әуес болмау, т.б.);
5. Күн тәртібін дұрыс құру және ағзаны шынықтыру.
6. Таза ауада серуендеу, демалыс пен еңбек жүктемесін дұрыс үйлестіріп, толыққанды қалыптастыру, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы.
7. Үй-жайларды үнемі ылғалды жинау, желдету;
8. Туберкулезді уақтылы диагностикалау және толық емдеу курсына аяқтау.

Г.М.ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА, Қармақшы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы.

ОРАЗА КЕЗІНДЕ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ? ЖӘНЕ ТАМАҚТАН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қалыпты емес тамақ рационы, дұрыс жолмен тамақтанбау сіздің жұмыс өнімділігіңізді төмендеуіне, тез шаршауыңызға әкеліп соғады. Дәрігерлер таңғы сәресінен бас тартпау қажеттігін басып айтады және тамақтанбауға ағзаға қажетті дәрумендер мен минералдар болмаса, адам денсаулығына зиян екенін атап өтті.

Ауызашар кезінде тамақ шамадан тыс көп болмауы керек, тамақты ысырап етпеңіз және артық тамақтанбаңыз. Таң сергек, жеңіл болуы үшін ұйқыға ауырлық сезімінен жаппаған дұрыс. Үн мен қуырғалған тамақтарды шектеу қажет. Ұзақ ашығудан кейін қуырғалған тамақ астың дұрыс қорытылмауына және асқанды күйдіруге әкеліп соғады. Ақуыз бен талшыққа бай тамақтарды пайдаланған дұрыс. Өзіңізді ойдағдай



сезіну үшін рационал көкөніс, ет, балық, дәндер мен жеміс-жидек қосылуы керек!

Ауызашар уақытынан кейін денедегі сұйықтық деңгейін ұстап тұру үшін көбірек су ішу қажет. Су балансын сақтамастан, дегидратация кезінде жүрек айну, бас айналу және әлсіздікке тап болу қаупі туындайды.

Ораза уақытында жылдам көмірсуларды ұмытқан дұрыс. Олар қандағы глюкоза мөлшерін бірден арттырып, қанның ағын-ағын екендігіне әкеледі. Тәтті тағамдар, көмштер, күшті дәмдеуіштері қосылған секілді ағзаны тез шөлдететін тағамдардан бас тартыңыз!

Сондай-ақ тамақтан кейінгі аздаған белсенділік асқазан-ішек жолдарының жұмысына көмектесетінін еске саламыз.

Күні бойы асқазан тыныштық жағдайында болуы тағамды жақсы сіңіру үшін серуендеу - ең жақсы шешім. Ас ішкеннен соң бірден ұйқыға жатпаңыз және белсенді дене қаттығуын жасамаған соң, бұл жүрек айнуы мен ұйқысыздыққа әкелуі мүмкін.

Ораза кезінде тамақтану жайлы кеңестер:

- 1. Ауызашарда негізгі тамақты тұтынушы сорпа мен салаттан кейін 1-2 сағаттан соң бастаңыз;

- 2. Аз-аздап жиі тамақтанған жөн;
3. Пайдалы майлар тоқымдылық сезіміңізді ұзартады. Рационал жаңғақтарға, сүт өнімдеріне және етке басымдық беріңіз;
4. Суды жиірек ішіңіз. Тамақтану режимінің өзгеруіне байланысты ішек проблемалары пайда болуы мүмкін. Олардың алдын алу үшін диетаға көбірек клетчаткаға бай тағамдарды қосыңыз;
5. Сәресіні жіберіп алмаңыз. Таңертеңгі тамақтану айран, йогурт, жұмыртқа, ірімшік және дәнді нан сияқты жеңіл тағамдарды таңдауға болады. Сондай-ақ бұршақ сорпасы, йогурт, жемістер, кептірілген жемістер, ет есектері бар көкісіз салаты болуы мүмкін;

6. Газдалған шыршындар, фастфуд секілді дәрумендер мен минералсыз тамақтану бас тарту;

7. Тамақ дайындау әдісіне назар аударыңыз. Қайнатылған, пеште немесе бұға пісірілген тағам біздің асқазанымызға анағұрлым пайдалы екенін ұмытпаңыз;

8. Шөлдететін тағамдардан бас тарту. Мысалы, ұн өнімдері, тәтті кондитерлік өнімдер, ысталған, тұздалған, маринадталған өнімдер, т.б.;

9. Рационыңызды көмірсулар, майлар мен ақуыздармен байытқан тағамдарды құрыңыз.

Ораза кезінде жаппай тамақтану ұланбас үшін не істеу керек?

-жарамдылық мерзімі өткен, таңбасы анық емес немесе жоқ, ұдысында деформация белгілері бар рұқсат етілмеген сауда орындарында тамақ өнімдерін сатып алмау;

-идыс бүтіндігіңіз бұзылуы белгілері болса, мұздатылған азық-түлікті сатып алмау;

-тез бұзылатын тағам мен дайын салаттарды болме температурасында 2 сағаттан артық сақтамау;

-респираторлық және асқазан-ішек ауруларының белгілері бар науқастардың тамақ дайындауына жол бермеу;

-үйді жеке гигиена ережелерін және ыстық, суық тағамдарды дайындау технологиясын, тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттарын сақтау;

-ішкі және дайын өнімдерді өңдеу үшін жеке ыдыстармен немесе тақталарын пайдалану;

-көкісіз, жеміс-жидектерді ағынды су не қайнаған сумен мұқият жуу;

-салат, тартыпқан ет өнімдерін аз мөлшерде дайындап, бір күннен артық сақтамау;

-жана дайындалған тағамды басқа тамақтармен араластырмау;

-тағамдарды, әсіресе ет, құс еті, жұмыртқа және теңіз өнімдерін мұқият қуыру не қайнату;

-тортты тоназытқышты сақтау;

-ішуге және тамақ дайындауға сүзілген суды пайдалану.

А.Қ.ТАЖМАХАНОВА, Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу-тексеру сыбайлас-жемқорлыққа жою болып табылады.

Сыбайлас-жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті.

Жемқорлық - іштен шалағатын, елді дамытпайтын, қоғамды өсірейтін дерт. Біздің еліміздің дамуына тұсау, кемелденуіне кедергі келтіретін қоғамдық дертке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресу

біздің міндетіміз. Сыбайлас жемқорлықпен күрес - қоғам талабы. Мінсіз қоғам - жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір - паракорларсыз өмір, мықты мемлекет - жемқорларсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналымды ашқоқ аяқтардан аластап, қоғамды тазарту - азаматтық міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлық біртұтас экономикалық заңдардың іс-әрекетін төмендетеді және әлемдік қауымдастық алдында елдің делінін түсіреді, оған тиімді шетел инвестиция жолында басты кедергі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі - паракорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуы тиіс. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындығын, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет.

Арал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы.

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША ТІРКЕУ ЕСЕБІНЕ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚОЮ

Қосылған құн салығы бойынша кімдер тіркеу есепке тұруға міндетті?

Егер қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою мақсаттары үшін айналымның мөлшері күнтізбелік жыл ішінде ең төмен айналымнан асып кеткен жағдайда салық төлеуші орналасқан жердегі салық органына қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті беруге міндетті.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы ҚР Салық Кодексінің 82 бабына сәйкес:

- 1) мемлекеттік мекемелерді;
2) резидент-заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерін;
3) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы

жеке практикамен айналысатын адамдар осы бапта айқындалған тәртіппен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне міндетті түрде қоюға жататынын ескереміз.

Салықтық өтініш айналым мөлшерінің ең төмен айналымынан асып кетуі туындаған ай аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей:

- 1) келу тәртібімен қағаз жеткізгіште;
2) электрондық нысанда беріледі.

Өтініш тапсырылғаннан кейін салық органы 1 жұмыс күні ішінде ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу туралы шешім қабылдайды және ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы хабарлама береді. Ең төмен айналым республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының I қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 20 000 мың еселенген мөлшерін құрайды. Соңғы 12 айдағы айналым (2025 жылғы көрсеткіш бойынша 3932*20000 = 78 640 000 теңге) асқан жағдайда.

3. ҚҚС бойынша есеп және төлемдер ҚҚС төлеуші ретінде тіркелгеннен кейін, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға

•Токсан сайын ҚҚС декларациясын (300.00 нысан) тапсыру;

•ҚҚС сомасын есептеп, тиісті салық органына аудару;

•Электрондық шот-фактуралар жүйесін (ЭСФ) пайдалануға міндетті.

ҚҚС мөлшерлесі қазіргі таңда 12% болып белгіленген және ол тауарлар мен қызметтердің қосылған құнына есептеледі.

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, егер салық төлеуші ҚҚС бойынша тіркелу міндеттемесін орындамаса, ол өкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл жағдай ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (ӨҚБҚ) 275-бабында қарастырылған:

- қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қойылмаған кезең ішінде айналым жасау - есепке қойылмаған кезең үшін айналым сомасының он бес пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

Жаная Сейткамалқызы ӘЛІМБЕТОВА, Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының бас маманы.



салық режимін осындай арнаулы салық режимі қолданылатын қызметі бойынша қолданылатын салық төлеушілерді қоспағанда, резидент-заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасында қызметін финал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер, дара кәсіпкерлер,

СЕМІЗДІК, ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН - АЛУ ШАРАЛАРЫ

Семіздік дегеніміз - зат алмасу кезінде мүшелер мен тігдерге, әсіресе тері асты май клетчатқаларына шамадан тыс майдың жиналуы. Семіздік өз алдына ауру деп саналмайды, бірақ ол кейбір аурулардың дамуына себеп болады. Адамдардың көпшілігі жақсы және дәмді тағам жегенді ұнатады. Бұл кезде ағзаға қалыпты мөлшерден көп қоректік заттар түседі. Егер де мұндай жағдай жиі қайталанатын болса, ағзаға түскен артық қоректік заттар адам денесінде май түрінде жинала бастайды. Соның салдарынан адамның салмағы бірте-бірте артып, беті дөңгеленіп, мықаны білінбей қалады. Семіз адамдардың қан айналымы бұзылып, артерия қан қысымы көтеріледі, қан тамырларының ішкі беттерінде май қабаты түзіліп, ол қан тамырларының тарылуына әкеледі. Сонымен қатар, зат алмасу, бауыр, қуық, ұйқы безі және жүректің жұмысы бұзылады.

Семіздік ең көп таралған және ары қарай осы тенденциясы бар ауруға жатады. Ерекше үрейді семіздіктің ерте балалық шақта және жас өспірімдер арасында таралуы шақырады. Семіздік, атеросклероз, гипертониялық ауру, қант диабеті сияқты аурулардың қауіп факторы болып табылады. Әр-түрлі мемлекеттерде жүргізілген көптеген зерттеулердің нәтижесіне байланысты, семіздікті маңызды медицина-әлеуметтік мәселе ретінде қарайды.

Семіздік - дене салмағының өсуімен, дененің әр жерінде май жиналуымен жүретін май алмасуының бұзылуымен кейіннен асқынға алып келетін қиын созылмалы ауру. Семіздік тек косметикалық ақау емес. Ең алдымен бұл ауру. Кез келген ауру түрлері сияқты семіздіктен туындаған асқыншылықтарды жойғаннан гөрі алдын алу оңайырақ.

Теориялық жағынан, кез келген адам семіздікке ұшырайды. Бірақ семіздікке шалдығу қаупі жоғары және басқаларға қарағанда ауыр өтетін адамдар тобы бар. Олардың ішінде:

- тұқым қуалаушылық жолымен берілуі мүмкін ата-анасының, туыстарының біреуі немесе екеуі де дене салмағының жоғарылауымен зардап шегетін адамдар;
- аз қозғалысты өмір сүру салтын ұстанатындар;



- тез дайын болатын өнімдерді шамадан тыс қабылдау яғни (фаст-фудтар, тез әзірленетін кеспелер, гамбургер, донер және т.б.)

- эндокриндік жүйенің, асқазан-ішек жолдарының ауруларынан зардап шегетіндер;

- дене салмағының жоғарылауы әсерінен асқынатын аурулардан зардап шегетіндер (гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, тыныс алу жетіспеушілігі бар өкпе ауруы);

- кәсіби немесе тұрмыстық себептерге байланысты тұрақты күйзеліске ұшырағандар;

- белгілі бір өмірлік немесе физиологиялық кезеңдегі адамдар: жүктілік, лактация, менопауза, кәрілік;

- семіздікке алып келетін гормондық, психотропты препараттарды, контрацептивтерді қабылдауға мажбүр адамдар;

Семіздікті болдырмаудың негізгі шаралары:

- үйлесімді тамақтану;
- алкогольді тұтынуды шектеу;
- дене белсенділігі;
- режимді қалыпта келтіру және психосоциналды жағдайды жақсарту;
Алдын алу:
Адам өзінің дене салмағы қалыпты жағдайдан 3-4 келі өсімінен-ақ, тольсығудың алдын алуға тиіс. Ол кейін емделгеннен әлдеқайда тиімді. Сол себепті, салмақ өсіп бара жатқанында жеңіл тамақтануға көшкен немесе белсенді әрекет жасау арқылы денеден шығатын қатты май мөлшерін арттырған жөн. Және де тағамның қуатын шай мен кофемен сумен есебінен азайту, бөлшек тағамның алмастыруға болмайтын бөлігі болғандықтан оларды азайтпау қажет. Артық салмақ қосуы қаламайтын адам ет, сүт өнімдерін, майдың майын, тәттілерді, нан, ботқа, картопты көп қолданбайды, тәбетті арттыратын дәмдеуіштер мен ашы нәрселерді шектейді, тұзды өте аз мөлшерде пайдаланады. Осы орайда тұздың тәнде су жинайтын естерінде болсын. Мынандай кеңестер береміз: Қара нан әйтпесе ірі тартылған ұнан жасалған тоқаш жеген, майсыз етті, балықты, майы алынған қатықты, сүтті, көкөністердің барлық түрін қолданған дұрыс.

Салауатты өмір сүруге тырысу керек, дұрыс тамақтану, таза ауада көп жүріп, туризммен шұғылданған жөн.

Тамақты аз-аздап ішуді қамтамасыз ететін тамақтану тәртібін қатаң сақтау қажет.

М.САНДЫБАЙҚЫЗЫ, Жанақорған аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы санитариялық-гигиеналық бақылау, техникалық регламент талаптарының сақталуын бақылау бөлімінің басшысы.

МИНЭКОЛОГИИ: НА ОСУШЕННОМ ДНЕ АРАЛА СОЗДАЕТСЯ ЛЕСОПИТОМНИК С ДВУМЯ СКВАЖИНАМИ

За последние четыре года на осушенном дне Арала посадка и посев проведены на площади 475 тысяч гектаров. Об этом сообщил министр экологии и природных ресурсов РК Ерлан Нысанбаев на заседании Парламентской комиссии по Целям устойчивого развития.

Министр напомнил, что на прошедшем Климатическом саммите в городе Баку Глава государства заявил о намерении Казахстана активизировать свою деятельность по сохранению Аральского моря.

- Казахстану удалось сохранить северную часть Аральского моря, осушенное дно моря покрылось зеркалом воды площадью 870 квадратных километров, что снизило вынос солевых отложений, объем воды в море увеличился на 11,5 кубикометров, снизилась минерализация воды с 23 до 12 граммов на литр. Несмотря на принимаемые меры, на Казахтан приходится 2,8 миллиона гектаров осушенного дна Аральского моря. Наиболее приемлемым способом снижения негативного воздействия экологической катастрофы Арала, является облесение высохшего дна растениями-абсорбентами - саксаул, сарсазан, карабарак, тем самым укрепляя рыхлую солевую поверхность против выноса солей и борьбы с подвижными песками, - сказал Нысанбаев.

По его словам, с обретения независимости страны до 2020 года работы по фитолесомелиорации на осушенном дне Аральского моря



были проведены на площади 195 тысяч гектаров, при этом общая площадь лесов, включая естественное заросание, составляет 337 тысяч гектаров.

С 2021 года по поручению Главы Государства начаты работы по посадке саксаула на площади 1,1 миллиона гектаров. За последние четыре года на осушенном дне Арала посадка и посев проведены на площади 475 тысяч гектаров, содействие естественному возобновлению проведено на площади 197 тысяч гектаров, итого 672 тысячи гектаров.

Министр также сообщил, что для обеспечения работ на осушенном дне Аральского моря качественным посадочным материалом в рамках проекта Всемирного банка в прошлом году сдан в эксплуатацию лесной питомник в городе Казалинске на площади 33 гектара с мощностью выращивания 3 миллиона штук сеянцев саксаула в год.

Кроме того, начато создание лесного питомника непосредственно на осушенном дне на площади 15 гектаров с бурением двух скважин, что позволит получать адаптированный к условиям дна посадочный материал. В целях постоянного научного сопровождения работ на осушенном дне Арала в марте этого года открыт филиал Казахского НИИ лесного хозяйства и агролесомелиорации в Кызылорде.

По материалам Kyzylorda-news.kz, Kazinform, фото: kazaral.org.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚАРСАҢЫНДА ТАҒАМНАН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Дәстүрлі Наурыз мерекесін тойлау барысында наурыз көже, қаймақ, ет тағамдары сияқты көптеген ұлттық тағамдар, салаттар, тіске басарлар, кремді бар кондитерлік өнімдер және т.б. әртүрлі тағамдар дастарханға қойылады.

Алайда, егер гигиена талаптары сақталмаса, мерекелік дастархан тамақтан улану жағдайына алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты, Наурыз мейрамын тойлау және осы мерекеге байланысты демалыс күндері кезінде мынадай қағидаларды сақтауды ұсынамыз:



- Мерекелік үстелге тағамдарды дайындау кезінде оларды сақтау және тұтыну мерзімдерін сақтаңыз, шікі және дайын тағамдардың бірге сақталуына жол бермеңіз, ал олардың сапасыздығына қандай

да бір күдік пайда болса, өнімдерді, әсіресе алдыңғы дастарханнан қалған тағамдарды қолданудан алып тастау керек.

- Құс етінен дайындалған, жұмыртқа қосылған тағамдар, майонез бен қаймақ қосылған салаттар, кремді бар кондитерлік өнімдер (торттар, бәліштер) ерекше қауіп төндіреді.

- Әдетте мереке күндері қоғамдық тамақтану және сауда объектілері аспаздық және кремді бар кондитерлік өнімдерді үлкен мөлшерде дайындайды.

Осы күндері сақтау және сату мерзімі қысқа түрлі салаттар, ет және балықтан дайындалған тіске басарлар, ет сілікпелері, құйма еттер, тауық етінен жасалған тағамдар және басқалары көп сұранысқа ие болады.

Осыған байланысты, тамақ өнімінің қауіпсіздігін және сапасын растайтын құжаттардың болуына, оларды сату және сақтау жағдайларына назар аудару қажет.

Сондай-ақ мейрамханалар және дәмханалар басшыларының назарын Наурыз мейрамы күндері тамақтан уланудың алдын алу мәселелеріне аса назар аударуды ұсынамыз.

Қызметкерлер жеке гигиена ережелерін, ас блогында тазалықты сақтауы тиіс. Тамақ өнімдерін термиялық өңдеу, сондай-ақ көкөністер мен жемістерді мұқият жуу қажет. Шікі және дайын өнімдерге арналған бөлшектеу мұқамалын мақсаты бойынша пайдалануды, тағамдар дайындауға бүлінбеген сапалы өнімдерді қолдануды, шікі өнімдерді дайын өнімдерден бөлек сақтауды ұсынамыз.

Тағамдарды алдын ала дайындамауды және іс-шара басталғанға дейін үстелді жасамауды және оларды қажетті температуралық режимді ұстай отырып, сақтауды ұсынамыз. Дайын өнімдердің сақтау мерзімдерінің бұзылуына жол бермеңіз.

А.Қ.ТАЖМАХАНОВА,

Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.

«БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ, ТӘРБИЕЛЕУ ОРЫНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР»

Білім беру ұйымдары мен мектепке дейінгі ұйымдарында санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы барысында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР



ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдесіндегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын басшылыққа алып жұмыс жүргізеді (бұдан әрі - Санитариялық қағидалар).

Білім беру ұйымдарының санитариялық қағидалардың жалпы ережесі мен ұғымдарында төмендегідей талаптардың сақталуы қамтылады:

- Арнайы білім беру ұйымдары, орта білім беру ұйымы, бракераж, білім беру ұйымдары, білім берудің оқу-сауықтыру ұйымы, дене шынықтыру, жазу құралдары, жалпы білім беретін мектеп, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, жеке медициналық кітапша, жиынтық оқу жүктемесі, интернат ұйымдары, кәметке толмағандарды бейімдеу орталықтары, лицей, мамандандырылған білім

беру ұйымы, мектеп алды сыныптары (0), мектептен тыс қосымша білім беру ұйымы, оқу-әдістемелік кешен, оқу жүктемесі, оқу сағаты, оңтайлы микроклиматтық жағдай, өндірістік бақылау, рекреация, санитариялық-аулалық қондырғылар, санитариялық арнайы киім, септик, спорт объектілері, сыныптардың (топтардың) толықтырылуы, ұтымды тамақтану, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары, халықаралық мектеп, шағын жинақталған мектеп. Санитариялық қағида 10 тараудан, 3-параграфтан, 223 тармақтан, 12-қосымшадан тұрады.

Мектепке дейінгі ұйымдарының санитариялық қағидалардың жалпы ережесі мен ұғымдарында төмендегідей талаптардың сақталуы қамтылады:

- Арнайы санитариялық киім, балалардың ойын алаңы, балалар толық емес болатын МДҰ, бракераж, дене тәрбиесі, жеке медициналық кітапша, изолятор, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, мектепке дейінгі ұйымдар, оңтайлы микроклиматтық жағдайлар, санитариялық-аулалық қондырғылар, санитариялық қорғаныш аймағы, сәбилер үйі, септик, технологиялық жабдық, технологиялық карта, топтық үй-жайлар, тиімді тамақтандыру, топтық оқшаулау, топтардың толықтырылуы. Санитариялық қағида 11 тараудан, 147 тармақтан, 12-қосымшадан тұрады.

Білім беру ұйымдары мен мектепке дейінгі ұйымдардың санитариялық қағидаларындағы басты қамтылған талаптары жалпы ережелері, объектінің салынатын жер учаскесін таңдауға, жобалауға, пайдалануға, реконструкциялауға, сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны баптауға, объектілердің үй-жайларын жөндеуге және күтіп-ұстауға, оқыту және өндірістік практика жағдайларына, объектілерде тұру жағдайларына, объектілердегі тамақтандыру жағдайларына, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына, объектілерде медициналық қамтамасыз етуге, шектеу іс-шаралары оның ішінде білім беру ұйымдарына және мектепке дейінгі балалар ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар болып табылады.

Г.С.АЙЫМБЕТОВА,

Жалағаш аудандық СЭББ басшысы.

ЛЕСИСТОСТЬ КАЗАХСТАНА УВЕЛИЧИЛАСЬ НА 1,2% С 1991 ГОДА

В Казахстане планируется увеличить лесопокрытую площадь с 13,7 миллиона гектаров до 14,5 миллиона гектаров к 2030 году, передает корреспондент агентства Kazinform.

Об этом сообщил министр экологии и природных ресурсов РК Ерлан Нысанбаев на заседании Парламентской комиссии по Целям устойчивого развития.

- Перед Министерством стоит задача по сохранению уже имеющихся лесов и созданию новых. Сталкиваясь с глобальными вызовами, согласно Декларации Глазго по лесам и лесопользованию, Казахстан нацелен на то, чтобы остановить потерю лесов и деградацию земель к 2030 году, обеспечивая при этом устойчивое развитие сельских районов. Вместе с тем, Казахстан сосредотачивает усилия на увеличении площади лесных угодий в рамках Боннского вызова. Планируется увеличить лесопокрытую площадь с 13,7 миллиона гектаров до 14,5 миллиона гектаров к 2030 году, что составляет примерно 1 миллион гектаров за 7 лет. В этом направлении Глава государства поставил задачу по посадке 2 миллиардов деревьев в государственном лесном фонде. Начиная с 2021 года в республике посажено и посажено 1 миллиард 150 миллионов деревьев на площади 736,8 тысячи гектаров, в том числе в 2024 году - 306 миллионов деревьев на площади 205 тысяч гектаров, - сказал Е. Нысанбаев.

По его словам, для обеспечения лесных хозяйств посадочным материалом планируется создать 104 лесопитомника и 6 лесосеменных комплексов. Также Главой государства поручено посадить 15 миллионов деревьев в населенных пунктах. За последние четыре года в населенных пунктах было высажено около 12 миллионов саженцев.

Как сообщил министр, в настоящее время лесистость территории Казахстана доведена до 5%, с 3,8% в 1991 году.



Общая площадь лесного фонда составляет 30,9 миллиона гектаров, из них 13,7 миллиона гектаров, или 43,13%, покрытых лесом.

По материалам М.Макулбекова, inform.kz.
Фото: инспекция лесного хозяйства и животного мира Карагадинской области.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР ТУРАЛЫ



Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗК) қызметкерлері қаржылық сауаттылықты арттыруға, сондай-ақ зейнетақы жүйесі мен зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер туралы хабардар болуға бағытталған белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу шеңберінде "Сыр Табиғаты" газетінің редакциясына барды. Қор қызметкерлері зейнетақы төлемдерінің түрлері және оларды алу тетіктері туралы айтып, жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты материал жасау жолдарын нақты көрсетті. Сондай-ақ барлық сұрақтарға жауап берді.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ 3 ЖҮЙЕСІНДЕ ҚҰРАЛҒАН:

1. МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ. БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ (жалпы өтіл есебінен) ОРТАҚ (ЕҢБЕК) ЗЕЙНЕТАҚЫ (01.01.1998 ж. дейінгі еңбек өтілі 6 айдан кем болмаса төленеді)

2. МІНДЕТТІ ЖИНАҚТАУШЫ ЖҮЙЕ: ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ 10% (01.01.1998 бастап) ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫ ЗИЯН ЖҮМЫСПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ПАЙДАСЫНА 5% (2014 жылдан бастап)

ЖҮМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ: 1975 ж. жылдан бастап туылған қызметкерлер пайдасына 5% (кезең-кезеңмен 2024 ж. 1,5 % бастап 2028 ж. 5%-ға дейін)

3. ЕРІКТІ ЖИНАҚТАУШЫ ЖҮЙЕ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕН ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМ ТҮРЛЕРІ: Жасы бойынша (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас, 2028ж. бастап – 61,5, 2029 – 62, 2030 – 62,5, 2031 – 63),

мүдектігі бойынша (егер І, II топ өмірлікке болған жағдайда); Жерлеуге (зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы немесе) - 94 АЕК (2025: 369 608 теңге = 94 * 3 692 теңге)

Мұрагерлерге төлемдер - қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарын ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға сәйкес толық көлемде төлеу Тұрақты тұруға кету - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға толық көлемде төлеу

Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде, сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару Тұрғын үйге және (немесе) емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері мына жағдайларда:

- әр жасқа арналған ТЖШ асағын сома шегінде (ТЖШ-төменгі жеткілікті шегі)
- зейнетақы аннуитеті шартының болуы (ЖЗШ-дағы зейнетақы жинағын 100% дейін)

- жасы бойынша алатын зейнетақысы жоғалған табысының 40% кем болмаса (ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының 50% дейін)
- еңбек сіндірген жылдары (ЖЗШ-дағы зейнетақы жинағының 100% дейін)

ЖҮМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі жана құрамдаушы - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарымен (ЖМЗЖ) толықтырылды. ЖМЗЖ мөлшері қызметкердің ай сайынғы табысына байланысты және жұмыс берушінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады. Жұмыс берушіге түсетін жүктеменің теңгерімді болуы мақсатында ЖМЗЖ жарнаны кезең-кезеңімен ұлғайта отырып аударылатын болады:

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 1,5 пайыз мөлшерінде;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,5 пайыз мөлшерінде;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 3,5 пайыз мөлшерінде;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 4,5 пайыз мөлшерінде;
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап - 5 пайыз мөлшерінде.

ЖМЗЖ-ны біртіндеп енгізу, сондай-ақ, оны салық салынатын табыстан шегеру жұмыс берушіге түсетін жүктемені жеңілдету үшін қарастырылған. Сонымен қатар, заңнамаға сәйкес, ЖМЗЖ барлық жұмысшылар үшін емес, тек 1975 жылы және одан кейін дүниеге келгендер үшін төленеді. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасын енгізу қызметкердің зейнетке шыққаннан кейінгі зейнетақымен қамсыздандырылу деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

Зейнетақы жинағының сомасын қалай терексереміз? Жинақ сомасын БЖЗК сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетіңізден терексеруге болады. Егер Сіз БЖЗК-дағы Жеке кабинетке ешқандай кірмеген болсаңыз, онда БЖЗК сайты арқылы ЭЦҚ кілтін қолға келетін автормалын, Жеке кабинетіңіз үшін өзіншегі сәйкес келетін құпиясыз орнатуға кеңес береміз. Ол арқылы болашақта ұялы қосымшаға оңай және жедел кіріп, жарналардың жүйелілігі мен толықтығын, инвестициялық кірістің есептелуін және жинағыңыздың жалпы сомасын қадағалап отыруға болады. Өз шотыңыздан үзінді көшірмені egov.kz электрондық үкімет порталындағы Жеке кабинетте, сондай-ақ БЖЗК-ның кез келген бөлімшесінде терексеруге болады.

Зейнетақы аннуитеті шартын кім жасай алады? БЖЗК салымшылары өздерінің зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға алады. Негізгі шарттар: - Міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) төлеушілердің жасы 45-тен асуы қажет - Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) төлеушілердің жасы 40-тан жоғары болуы тиіс - Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% төмен емес мөлшерінде төлемдерді қамтамасыз ететін зейнетақы жинақтарының жеткілікті сомасы болуы керек. Нақты есептеуді сақтандыру ұйымы жасайды. Маңызды дәйектер:

- Шарт жасасу үшін таңдалған сақтандыру ұйымына жүтіну қажет - Аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдері ай сайын, бірақ белгілі бір жастан ерте емес: ерлерге 55 жастан, 2024 жылы әйелдерге - 53 жастан жүргізіледі. Егер шарт МКЗЖ есебінен жасалған болса, онда бұл адамдар үшін төлемдер олар 50 жасқа толған кезде жүзеге асырылады. - Егер жинақ жеткіліксіз болса, ерікті зейнетақы жарналарын пайдалануға болады - Шарт ерлі-зайыптылар немесе жақын туыстар болып табылатын екі сақтанушымен бірігіп жасалуы мүмкін - Сақтандырылған тұлғалар шарт жасалғаннан кейін екі жылдан кейін төлем мөлшерін азайтып, ақшаны БЖЗК-ға қайтару арқылы оның талаптарын өзгерте алады - Сақтандыру төлемдері өмір бойы жүзеге асырылады - Шарт талаптарын, оның ішінде зейнетақы жинақтарының мұрагерлігі бөлігін мұқият зерделеуді ұсынамыз.

Егер Сіз 55 жаста болсаңыз және зиянды еңбек жағдайларында жұмыс жасасаңыз, онда бұл ақпарат сізге арнаған. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін 55 жастағы адамдарға міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) кемінде 7 жыл бойы төленген жағдайда олар Арнаулы әлеуметтік төлемдер алуға құқылы. Төлем алуын бастау шарты - зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда қызмет етуді тоқтату немесе зиянды факторлардың әсері жоқ басқа жұмысқа ауысу. Төлемдер төрт қаржыландыру көзінен: ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінде республикалық бюджеттен; қолда бар зейнетақы жинақтарын ескере отырып БЖЗК-дан;

- 1 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде сақтандыру компанияларынан;
- 1 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде жұмыс берушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Төлем зейнет жасына толғанға дейін жүзеге асырылады. Арнайы әлеуметтік төлем алу үшін жұмыс берушіге зиянды еңбек жағдайы жоқ басқа жұмысқа ауысуға немесе еңбек шартын бұзуға өтініш беру қажет. Қызметкерді зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын басқа жұмысқа ауыстыру немесе еңбек шартын бұзу туралы мәліметтер жұмыс берушіден ҚР ЕХӘҚМ ақпараттық жүйесіне келіп түседі. Осы деректердің негізінде жоғарыда көрсетілген төлемдердің барлық түрлерін тағайындау бойынша проактивті қызмет көрсетілетін болады. Бұл ретте БЖЗК-дан АМЖ және МКЗЖ есебінен немесе тек МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алуға келісімді 1414 нөмірінен жіберілетін тиісті SMS-хабарламаға жауап берумен растау.

Анар Жанбиршиевна ЖЫЛМАҒАНБЕТОВА,
"БЖЗК" АҚ-ның Қызылорда облыстық филиалының маманы.

ОЙЫНШЫҚТАРДЫ ДҰРЫС ТАҢДАУДЫ ҮЙРЕНЕЙІК

Ойнау арқылы балалар айналасындағыларды, қоршаған ортаны танып-біліп, есте сақтау қабілетін арттырады, ойнағандысын толық жеткізуді үйренеді. Сондай-ақ, ойнау олардың қиялына қанат бітіріп, алға жетелейді. Демек, ойнау - жай ғана емес не уақыт өткізу амалы емес, балалардың дұрыс өсіп-дәмуінде ерекше рөл атқаратын тәрбие құралы. Қазір балаға базарлық іздеп зуре болмайсыз. Сауда орындарының сөрелерінде сәмсап тұрған түрлі ойыншықтар көздің жауын алады. Үлкені де, кішісі де, сүйкімдісі де, сұрықсыз да, қаттысы да, жұмсағы да бар. Әрбір ата-ана үшін бала денсаулығы бәрінен жоғары тұрады түсінікті. Балаға ойыншық таңдау ата-аналардан барынша

Ойыншықтар дайындалатын материалдар таза (ластанбаған), инфекцияланбаған болуы және техникалық регламент талаптарында көрсетілген стандарттарға сәйкес болуы тиіс.

Ойыншықтардың қорғаныш-сәндік жабыны ылғалды өңдеуге, тер мен сілекейге төзімді болуы тиіс. Ойыншық және оның құрамдас бөліктері, бекіту бөлшектері механикалық жүктемелерді көтеруі тиіс, оларды мақсаты бойынша пайдалану кезінде үгітімеуі және өзінің тұтыну қасиеттерін сақтауы тиіс. Олардың қолжетімді жіктері, ұштары, қатты бөлшектері, серіппелері, бекітуші бөлшектері, саңылаулары, бұрыштары, шығынқы жерлері, баулары, арқандары, қозғалатын құрамдас бөліктері балалардың жарақат алу қауіпін болдырмауы тиіс. 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықтардың алмалы-салмалы бөлшектерінің, сондай-ақ ойыншықтарға тікелей бекітілген бөлшектерінің өлшемдері балалардың жоғарғы тыныс алу жолдары түсуін және олардың тұнысуын болдырмайтындей етіп жасалуы керек. Жұмсақ ойыншықтарда қатты немесе өткір бөгде заттардың болуына жол берілмейді, жұмсақ ойыншықтардың жіктері мен тігістері берік болуы тиіс. Электр энергиясы көзімен жанасатын немесе жанасуы мүмкін ойыншықтардың бөлшектері, сондай-ақ кабельдер, сымдар электр тогымен зақымдануды болдырмау мақсатында механикалық қорғалған және оқшауланған болуы керек.

Тұтынушыға арналған ақпарат, таңбалануды оқығанда анық, жеңіл оқылатын, тексерілетін және сәйкестендіргенде қолжетімді болуы шарт. Таңбалануды өндіруші немесе импорттаушы жүзеге асырады. Таңбалану келесідей ақпараттармен қамтылады: ойыншықтар атауы, ойыншықтар өндірілген ел атауы, өндіруші, импорттаушының атауы мен орналасқан жері, олармен байланысты ақпарат, өндірушінің тауар белгісі (бар болған жағдайда), балалардың жасын анықтайтын, ең төменгі бала жасы, негізгі конструкциялық материалдар (3 жасқа дейінгі балалар үшін), ойыншық күтімі (қажет болған жағдайда), дайындалған мерзімі (айы, жылы), қызмет мерзімі немесе жарамдылық мерзімі (олардың орнатылуына байланысты), сақтау шарттары (қажет болған жағдайда). Ойыншық таңбалануында көрсетілген ақпараттар міндетті түрде орыс тілінде және мемлекеттік тілде болуы тиіс.

Нарыққа шығар алдында алдымен жоғарыда аталған Кеден одағы техникалық регламентінің қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті растау рәсімнен өтуі шарт. Ойыншықтардың сәйкестігін растау сертификаттау түрінде жүзеге асырылады. Ал сертификаттау Кеден одағының Бірыңғай сертификаттау жөніндегі органы мен сынау зертханаларының тізіміне енген сертификаттау органымен жүргізіледі.

Әрбір тұтынушы мен ата-ана балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында ойыншықтарды сатып алған кезде олардың сәйкестігін растау сертификаттарын талап етуі тиіс.

М.АБУОВА,

Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау бөлімінің жетекші маманы.



ұқыптылықты, жауапкершілікті талап ететін жайт. Ойыншық таңдауда әсіресе, жақ ата-аналар мейлінше мұқият болғаны жөн. Бұлай дейтін себебін ойыншықтың бала денсаулығына тікелей әсері бар. Сатуға рұқсат етілмеген техникалық регламенттерге жауап бере алмайтын өнім түрлері бала денсаулығына қауіпті екенін жадыңыздан шығармаңыз.

Ойыншықтар Кеден одағының 008/2011 «Ойыншық өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламент талаптарына сәйкес келген жағдайда ғана нарық қатынасына шыға алады, сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай белгісімен таңбалануы тиіс. Бірыңғай белгі ойыншықтың өзіне және (немесе) қаптамаға (жекеше, топтық, тасымалдық) және (немесе) заттанбаға, затбелгіге (соның ішінде қосымша тілгілен затбелгіге), сонымен қатар оған қосымша берілген эксплуатациялық құжаттарында келтіріледі.

Қауіпсіз ойыншықтар қандай болуы керек?
Жоғарыда аталған техникалық регламенттің 4-бабында ойыншықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар көрсетілген. Ойыншықтарды қолдану кезіндегі тәуекел балалардың жас айырмашылықтарына байланысты болуы керек. 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықтарға табиғи ішік, табиғи тері, шыны, фарфор, түкті резеңке, өлшемсіз ылғалды ортада 5% аса ұлғаятын сылдырмаққа ұқсас ойыншық толырмаларын қолдануға жол берілмейді. Сонымен қатар, ойыншықтарды бұрын қолданыста болған материалдарды қайта өңдей отырып, қайталама шикізатты пайдалануға жол берілмейді.



ҚЫШЫМА

Қышыма – бұл қышыма кенесімен шақырылатын жұқпалы тері ауруы. Ауру тығыз қарым-қатынас арқылы беріледі: наука адамның белгілі уақыт аралығында қолданған заттары арқылы жұғады.

Аурудың негізгі белгілері терінің қышыуы және жұпталған ұсақ көпіршікті бөртпелің шығуы. Кененің биологиялық сағаты түнгі уақытта тең келеді, сондықтан белсенділік сол уақытта басталып, науқастанған адам кешке және түнде өте қатты қышынуға сезінеді - бұл аурудың негізгі белгісі.

Қышыма жағдайы анықталған кезде киім және тәсіл жабықтарын 30 минут қайнатып, кептіріп, үтіктеу қажет. Сырт киім дымқыл мата сыртынан үтіктелуі керек. Наука адамның отбасына, сонымен қатар онымен тығыз қатынаста болған адамдарға дерматологқа қаралып, дәрігердің тағайындауымен қышымаға қарсы профилактикалық ем алу қажет. Бір уақытта отбасында, жатақханада және басқа ұйымдарда

барлық науқастарды анықтау және емдеу - қышыма ошағын жоюдың басты жағдайы. Қышымамен ауырмау үшін бірқатар ережелерді сақтау керек:

- бөтен киімді, қолғапты, аяқ киімді, тәсекті, орамалды қолданбау;
- қоғамдық орындардан келгеннен кейін, қоғамдық көліктерде жүргеннен кейін міндетті түрде қолды сабынмен жуу;
- мүмкіндігінше апта сайын моншада жуынып, киім ауыстыру;
- өзіңізге ғана тиесілі жеке бас гигиенасы заттарын қолдану;
- Теріде кез келген қышымады бөртпе пайда болғанда дәрігер-дерматологқа қаралу қажет.

Ауру уақытылы анықталғанда ғана қоздырғыштың таралып кетуін алдын алуға және жылдам емделуге болады.

Қ.ОМАРОВА,

Сырдария аудандық СЭБ Басқармасының басшы орынбасары.

ДЕЗИНФЕКЦИЯ, ДЕРАТИЗАЦИЯ, ДЕЗИНСЕКЦИЯ

Дезинфекция (залалсыздандыру) дегеніміз - сыртқы ортада инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын әртүрлі дезинфекциялық препараттарды және құрал-жабдықтарды қолдана отырып жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Яғни жұқпалы және паразитарлық аурулардың кең таралып кетуін болдырмау үшін қолданылатын шаралардың бірі.

Қолдану мақсатына қарай дезинфекция (залалсыздандыру) екі түрге бөлінеді: сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру және ошақтық залалсыздандыру (күнделікті немесе ағымдық және қорытынды). Сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру шаралары емдеу-сауықтыру мекемелерінде ауруханаішілік инфекцияның алдын-алу мақсатымен жүргізіледі.

Ошақтық залалсыздандырудың ағымдық түрінде инфекциялық және паразиттік ауру ошағындағы ағымдағы дезинфекциялауды наукасты күтетін адам, реконвалесцент немесе бактерия тасымалдаушы науқасты анықтаған сәттен бастап ауруханаға жатқызылғанға дейін, үйде емдеу кезінде - сауыққанға дейін, реконвалесценттерде және бактерия тасымалдаушыларда - толық санаицяға дейін жүргізеді.

Жұқпалы және паразитарлық аурулар ошақтарында қорытынды дезинфекция наука ауруханаға емдеуге жатқызылып, оқшауланғаннан кейін наукасты бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауыстырғаннан кейін, сондай-ақ наука қайтыс болған кезден бастап бір тәулік ішінде жүзеге асырылады.

Дератизация - индет ауруларын тарататын кеміргіштерді (бегуқуырқы, тышқан, саршұнақ және т.б.) жоюға немесе санын азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешені.Дератизация кеміргіштер тарататын түрлі аурулардың (оба, туляремия, құтыру, сарып, күйдіркі, сальмонеллез, т.б.) қоздырғыштарын дер кезінде құрту, олардан сақтануды үшін жүргізіледі. Сақтандыру үшін тұрғын үйлер мен ғимараттардың астындағы жертелерді, қоймаларды, мал мен құс қораларын таза ұстап, азықты тышқан кіре алмайтын қоймаларда сақтайды.

Дезинсекция (ауру қоздырғыштарын тарататын зиянды жәндіктерді жою үшін мол фермаларында, құс фабрикаларында,едер комбинаттарында, қоймаларда, т.б. қолданылатын мадлергерлік-санитарлық шаралардың бірі. Дезинсекцияның мақсаты - ауру қоздырып, тарататын жәндіктерді жою және олардың өсіп-өнуіне, көбеюіне жол бермеу. Дезинсекция шарасы өндірістік, тұрғын үй-жайларда, ғимараттарда, құрылыстарда, көлікте, қалалық

және ауылдық мекен аумақтарында, су қоймаларын, сондай-ақ синантропты бунаықтармен мен кеміргіштердің табиғи мекендеу орындарын қоса алғанда, оларға іргелес ашық табиғат учаскелерінде жүргізіледі.

Дезинфекция, дератизация, дезинсекция жұмыстарын қалалар мен жергілікті жерлерде осы шараны жүргізуге



арнайы рұқсаты бар мекемелер мен жеке кәсіпкерлер жүргізеді. Осы шараларды жүргізу кезінде төмендегі жалпы қауіпсіздік шаралары сақталуы тиіс:

1.Жұмыс жүргізу үшін жасы 18-ден кем емес арнайы медициналық талаптарға сай, арнайы тексеруден өткен адам ғана осы жұмысқа босатылады.

2.Мамандығы бойынша рұқсат қағазын алған тұлға ғана жұмыс істеуге құқылы болып табылады. Жұмысқа кіріспес бұрын қызметкер арнайы оқу-тәжірибеден өткен және де еңбек ережелерімен танысқан болуы керек. Дезинфекция, дератизация, дезинсекциялық жұмыстарын жүргізетін адамдар жұмыс істеу барысында арнайы киімнен:халат, аяқ киім, респираторлар, резиналық қолғаптар, көзділдіктер кию қажет және жеке бас қауіпсіздік заттарымен (СИЗ) қамтамасыз етілуі тиіс.

Дезинфекциялық, дератизациялық, дезинсекциялық шараларға қолданылатын улы препараттар желдетілетін, стеллаждармен, сөрелермен, шкафтармен жабықталған арнайы үй-жайларда, қоймаларда сақталады.

Қ.ОМАРОВА,

Сырдария аудандық СЭБ Басқармасының басшы орынбасары.

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



Конго - Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГК) - бұл вирус қоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру, наука дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда, өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін. Конго - Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының негізгі клиникалық көріністері: инкубациялық кезең (ауру қоздырғышын жұқтырғаннан - аурудың алғашқы белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзім) 1-14 күнге дейін созылады, бұл кезеңнің ұзақтығы вирусты жұқтыру жолына байланысты болады.

Аурудың алғашқы белгілері дене қызуының кенеттен 39-40 0С дейін көтерілуімен, қатты бас ауыруымен, көздің қызаруы, бет, мойын және дененің жоғарғы бөлігінің қан кернеуімен және мойын, арқа, белдің ауыруымен, локус немесе құсу, іш ауыруы немесе өтуі, ал ауру одан әрі дамыған жағдайда денеді бөртпелердің пайда болуы, мұрыннан, қызыл иектен, жатырдан, асқазаннан қан кету белгілері, ине енгізу орындарында қанталау (гематомалар) белгілерінің байқалуымен сипатталады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы қалай жұғады?
Негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы кене, сонымен қатар жабайы және үй жануарларының азғасында да ауру қоздырғыштары болады. Адамның ауруды жұқтыруы жұқпаланған кенемен қатынаста немесе кене шаққан жағдайларда және қанында вирусы бар жануарларды сою кезінде, сондай-ақ наука адамға күтім жасау кезінде немесе мойттің қанымен, сүйіктісімен және аға бөлімділерімен ластанған медициналық құралдар арқылы жанана байланыс арқылы жұғуы мүмкін.

Конго - Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу:

- Аурудың алдын алу үшін табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлар мен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру.
- Табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар мадлары күтіп қарағанда және қыркым кезінде кенелердің шабуылынан және кене қанымен жанасты болдырмау мақсатында жеке қорғаны үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас

киім, резіңке қолғап).

•Табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысканы көрінетін ашық түсті жақсы қорғалған резіңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің артық жағы т.б.) бір - біріңіздің үстеріңізді мұқият қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын немесе оны өлтіретін арнайы сақтану құралдарын қолдану қажет.

•Кене шаққанда немесе кенемен жанаста болу арқылы аса қауіпті инфекцияны жұқтыру мүмкін болғандықтан, өзіңіздің және өз жанұяңызды қорғау үшін міндетті түрде жеке басты қорғау, сақтану құралдарын пайдаланыңыз!

•Кене шаққан немесе кенемен жанаста болған жағдайларда міндетті түрде медициналық ұйымға қаралуыңыз және 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

Үстіңізден кене тапқан жағдайда не істеу керек?

Денеге қонған кене бірден қадалмайды, сондықтан оны уақытылы алып тастау ауру жұқтырудың алдын алуы мүмкін. Кенені алып тастаудың қауіпсіз әдістемесін естен шығармаңыздар:

Кенені жалаңаш қолмен ұстаманьыздар, өйткені жұқпалы ауру агенті шыршыты қабықтар немесе теріді зақымданған жерлер арқылы енуі мүмкін. Осындай сақтық әсіресе кенелерді үй жануарларынан алып тастайтын адамдар үшін қажет. Ұшы өткір पिщетті пайдаланыңыз немесе саусақтарыңызды резіңке қолғаптармен немесе қолғап болмаса, матамен қорғанындар. Көдімгі पिщетпен оны теріге мүмкіндігінше жақындата отырып, онымен кенені іліп алу қажет. Пищетті қатты қыспай (кенені мыжып тастамау үшін) шайқалтпай, ақырын және жұлқыламай абайлап тарту керек, өйткені бұндай жағдай кененің ауыз бөлігінің бөлініп теріде қалып қоюына әкелуі мүмкін. Егер олай болса, ауыз бөлігін पिщетпен іліп, тартып шығару керек.

Кенені тартып алғаннан кейін шаққан жерді спиртпен, йодпен өңденіз және қолыңызды сабындап жуыңыз.

Кененің денесін мыжылғап бұзбаңыз, өйткені ішінде және сүйіктісінде патогендер болуы мүмкін.

Алғаннан кенені ыдысқа салып, қақпақпен тығыздап жабу қажет.

Кенеге ащетон, керосин, май және басқа да сұйық құюға, сондай - ақ оны теріден бөлу үшін кенені ысытуға мүлдем болмайды.

Сіздің міндетіңіз - оның өзі түсіп қалып күтпей, кенені мүмкіндігінше тез алып тастау. Ауру жұқтыру қауіпін азайту үшін уақыттың маньызы зор екендігін ұмытпауымыз қажет.

Л.АЙТБЕНБЕТОВА,

ҚР ДСМ «Ұлттық сарангта орталығы» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Сырдария аудандық бөлімшесінің дезинфекция секторының нұсқаушы-дезинфекторы.

НАКОПЛЕННАЯ ИНВЕСТИЦИОННАЯ ДОХОДНОСТЬ В ДОЛГОСРОЧНОМ ПЕРИОДЕ СУЩЕСТВЕННО ПРЕВЫШАЕТ ИНФЛЯЦИЮ И ПРОДОЛЖАЕТ РАСТИ

Накопленная инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году до 1 февраля 2025 года с нарастающим итогом составила 966,41% при инфляции за весь период 837,99 %.

Отметим, что пенсионные накопления - это долгосрочные инвестиции, и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее года. Краткосрочные (еженедельные, ежемесячные и т. д.) данные не являются показательными, так как зависят от постоянных изменений рыночной конъюнктуры. Анализ инвестиционной деятельности по итогам 12 месяцев подтверждает этот факт: по состоянию на 1 февраля 2025 г. доходность пенсионных активов, управляемых Национальным банком Республики Казахстан (НБРК) и сформированных за счет обязательных, обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов, за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 15,66% при инфляции в размере 8,90%.

Как известно, пенсионные активы под управлением НБРК и управляющих инвестиционным портфелем (УИП) инвестируются

в Казахстане и за рубежом на рыночных условиях в разных валютах. При вложении средств в те или иные инструменты учитываются как глобальные, так и внутренние факторы. Для сохранения пенсионных активов и получения доходности НБРК и УИП диверсифицируют инвестиционный портфель: пенсионные активы инвестируются в различные финансовые инструменты в определенном объеме с учетом рыночной ситуации. Это широко распространенная мировая практика. Пенсионные фонды во всем мире находятся в постоянном поиске привлекательных и выгодных возможностей для инвестирования и приумножения пенсионного капитала.

Значимую долю в пенсионных накоплениях, как правило, составляет инвестиционный доход. Из года в год увеличивается не только объем пенсионных накоплений, но и доля в нем инвестиционного дохода. К примеру, накопленный с 2014 года (после объединения пенсионных активов в ЕНПФ) чистый инвестиционный доход по состоянию на 1 февраля 2025 г. составил 11,54 трлн тенге (для сравнения - на 01.02.2024 г. он составил более 8,6 трлн тенге). С учетом осуществленных выплат

доля накопленного чистого инвестиционного дохода в общем объеме пенсионных накоплений казахстанцев по состоянию на 1 февраля 2025 г. составляет более 40,9%, что демонстрирует весомую роль инвестиционной деятельности в структуре накоплений граждан (на 01.02.2024 г. данный показатель составил 37,1%).

Однако инвестиционный доход - величина непостоянная, она зависит от многих факторов, в том числе от ситуации на финансовых рынках, рыночной стоимости ценных бумаг, изменения курсов валют. Поэтому вследствие изменения курсов иностранных валют и рыночной стоимости финансовых инструментов размер инвестиционного дохода может быть как положительным, так и отрицательным в отдельно взятом периоде.

К примеру, с конца прошлого года курс доллара менялся в довольно широком диапазоне от 499 тенге до 530 тенге, затем снова снижался до 500 тенге. Вследствие этого еженедельно складывалась положительная или отрицательная валютная переоценка пенсионных активов и вкладчики могут наблюдать временное уменьшение инвестиционной составляющей

пенсионных накоплений, как, например, в январе-феврале 2025 года.

Также напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдаленном периоде, повлиявшего на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.


Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Видеокomentarий по теме представлен на YouTube-канале БЖЗК ЕНПФ.

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі таңда бруцеллез ауруы кең таралған, аса қауіпті жұқпалы аурулар тобына жататын зоонозды ауру. Адамдарға ауылшаруашылық малдардан жұғатын ауру. Бруцеллез ауруы негізінде қала тұрғындарына тән инфекция емес, бірақ жылдан жылға аурушаңдық шекарасы кеңейіп, бүгінгі күні қала және қалаға қарасты елді-мекендердің барлығында науқастар тіркелуде.



Бруцеллез адамдар мен ауылшаруашылық малдар арасында көпшілік қауымға әлеуметтік-экономикалық зор шығын әкелетін жұқпалы катерлі ауру. Бруцеллез ауруының зардабы: созылмалы түрі адамдарды жартылай немесе толық жарымжан етеді, адамды мүгедектікке ұшыратады, еркектерді бедеулікке соқтырып, ұрпақсыз қалдырады, әйелдердің аналық бездері, жатыры қабынын өздігінен түсік тастайды, бала туа алмайды, экономикалық шығын келтіреді.

Бруцеллез сырқаттан тартушы осы дертпен ауыратын ауылшаруашылық малдары (қой, ешкі, сиыр, шошқа). Адамға бруцеллез ауруы малды күткенде, әсіресе мал төлгенде уақытта, ауру малдың етіні, сүтіні пайдаланғанда, терісі мен жүнін тазалағанда жұғады. Малдың бруцеллезге шалдыққанын іш тастағанынан, шала туылған, шуынын түспегенінен, қысыр қалғанынан, буындарының зақымдалғанынан білуге болады. Мал іш тастаған кезде немесе

төліні өлі туғанда бруцеллездің қоздырғыштары сыртқа көптен бөлініп, топырақты, ки-коқысты, жем-шөпті, айналадағы заттарды ластайды. Бруцеллез қоздырғыштары сыртқы ортада ұзақ сақталады: ки мен топырақта 70-110 күн, ағын суда 6-12 күн, ақпайтын көлде 10-18 күн, малдың ки қалдығында 1,5-3,0 ай, қайнамаған сүтте 10-18 күн, ірімшікте-72 күн, шұбат пен қымызда - 3 күн, тоңазытылған етте - 320 күн, мал қораның қабырғаларында 3-5 айға дейін сақталады.

Бруцеллезден сақтанудың ең басты жолы қоралағы малды бруцеллез ауруына тексеру. Жыл сайын ветеринария қызметі тарапынан ауылшаруашылық малдар арасында диагностикалық зертханалық тексеру жұмыстары жүргізіледі. Сол кезде малдарын жасырмай, мүмкіндігінше бар малбасын тексеру керек. Негізінде малды күтіп-бағу кезінде жеке бастың тазалығын сақтаудың маңызы зор. Малды сойғанда, жіліктегенде, терісін сыдырғанда, жүнін қырыққанда, қарақол терілерін өңдеген кезде міндетті түрде арнайы киім (халат, комбинезон, резеңке алжапқыш, қолғап, етік) киген жөн. Бұл киіммен үйге, асханаға кіруге болмайды. Оларды жуар алдында залалсыздандырылған дұрыс. Малды күтіп, қораға барып келгеннен кейін міндетті түрде киіміңізді ауыстырып, қолыңызды мұқият жуыңыз. Бруцеллезбен ауығанда адамның жалпы жағдайы нашарлайды, денесі дел сал болып ауырайды, асқа тәбеті болмайды, басы ауырып, дене қызуы көтеріледі. Теріңің пайда болып, буындары сырқырайды. Индет негізінен буындар мен жүйке желісін зақымдайды. Аурудың алғашқы белгілері біліне салысымен уақытты сөзбай дереу дәрігерге көрінгеніңіз дұрыс. Ауырып ем іздегеніңіз ауырмайтын жол ізде. Өз денсаулығыңыз өз қолыңызда.

А.МУСІЕВА,
Қызылорда қалалық санитариялық эпидемиологиялық бақылау Басқармасы эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы.

САРЫП АУРУЫНАН САҚТАНЫҢЫЗДАР!

Сарып-мадан адамға жұғатын аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауруды қоздыратын бруцелла бацилласы мүйізді ірі қара, қой-ешкі, шошқа, т.б. жануар, жәндіктерде сарып ауруын қоздыратын болып бірнеше түрге бөлінеді. Бұлардың ішінде аса қауіптісі қой-ешкі және мүйізді ірі қара малдарының сарыпты қоздыратын бруцелла бацилласы.

Бруцелла бацилласы табиға ортаға өте тезімді, топырақта, қида, жемде, суда 4 айға дейін өмір сүріп өзінің ауру қоздырғыштық қасиетін толықтай сақтай алады, тек қана жоғары температураға төзімсіз, 90-100 градуска қайнатқанда сол бойда өледі. Адамдарға бруцеллез ауру малдарды күткенде, жемделгенде, олардың қораларын тазалағанда шаң-тозаң арқылы тыныс жолдарымен, тері арқылы әсіресе, қолдағы уақ жарықтармен ерін, көз кілегей қабық-тарына түскен бациллалар ауруды шапшаң қоздыра алады.

Ауру малдардың өнімдерін дұрыс қайнатпай тамаққа пайдаланғанда адамға жұғады. Бруцелла бацилласы ауру малдың сүті, дәреті, сілекейімен, терімен бөлініп сыртқы қоршаған ортаны ластайды, сондықтан малдың жүнін қырыққан уақытта да немесе оны жинап басқа да әртүрлі өңдеу жұмыстарын жүргізген уақытта да ауру жұқтырады.

Жыл ішінде әсіресе, наурыз, сәуір айларында мал төлдейтін уақытта ауру малдар іш тастайды және әлсіз ауру малдар өздігінен төлей алмай адамның көмегін қажет етуі, мал мен адамның тікелей қатынасы ауруды жұқтыруға қолайлы жағдайды туындатады. Сарыптан іш тастаған төлдің кеудесінде, ішінде сұйық көп болады, жүні жетіспеген, кілегей қабықтары қанталаған болады. Сарып бацилласы организмге түскенін 6-10 күн ішінде қан азғасы арқылы лимфа түйіндеріне кіріп 10-15 күнде көбейеді, 20-30 күннен кейін қанға тарап, нерв жүйесін, буындар, бұлшық еттерді, эндокриндік жүйесін бездерін зақымдайды.

Бір айдан кейін дене қызуы көтеріліп, кешке қарай безгек пайда болады. Бұл кезде науқаста қалтырау, көп терлеу, қажып-шаршау, әлсіздену, сүйек-буын және бұлшық еттер ауырлығы байқалады. Ауруды дер кезінде емдесе одан жазылып кетуге болады. Аурудың алғашқы белгілері байқалғасын уақыт өткізбей дәрігерге қаралып арнаулы емін алған жөн, кешігіп қалған



жағдайда организмнің көптеген органдары зақымданып, емдеуді қиындатып мүгедектікке апаруы мүмкін. Сарып адамнан адамға жұқпай тек малдан жұғатын болғандықтан жеке бас гигиенасын сақтаумен қатар мал шаруашылығына арналған санитарлық-ветеринарлық профилактикалық комплексті шараларды қатаң сақтап ветеринарлық қызметтің белгілеген профилактикалық шараларын уақытында орындауына көмектесіп отыру міндетті.

Әрбір қожалығында малы бар тұлғалар өз малдарының есебін дұрыс беріп, ветеринарлық қызметтің белгілеген кестесіне сай малдарын ектіріп отыруы қажет.

Сатылып алынған, саттыққа шығарылған мал, еттің сүттің саудасы өнімі алынған малдың денсаулығы туралы мал дәрігерінің анықтамасы бойынша жүргізілуі тиіс. Төлі алу науқаны, төлдеп жатқан малға көмек көрсеткен уақытта қолда резинка қолғап, клеенкадан жөн қап, фартук, аяқта етік болғаны жөн. Төлдеп жатқан малға шама келсе балаларды араластырмаған жөн, олар үлкен адамдарға қарағанда ауруды өте тез қабылдайды.

Отардағы малдың жаппай іш тастауы байқалса дереу мал дәрігерлеріне хабарлау қажет. Бакташылар, мал төлдетуге қатысқандар науқанды жұмыс біткесін бір айдан кейін міндетті түрде медициналық бақылаудан өтуі керек.

К.ДҮЙСЕНБИЕВА,
Жаңақорған аудандық СЭББ жетекші маманы.

"Қазақстан Республикасы аумағынан мұнай өнімдерін әкетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 359, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2024 жылғы 8 қазандағы № 855/ке-қа, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 680 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 747 бірлескен бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Аталған өзгерістерге сәйкес 2025 жылғы 30 маусымға дейінгі мерзімге Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының шеігіннен тыс жерлерге Қазақстан Республикасының аумағынан жеңіл дистилляттарды (СЭҚ ТН кодтары 2710 12 110 1 – 2710 12 310 0, 2710 12 700 0 – 2710 12 900 8), авиакеросиндерді және дизель отынын (СЭҚ ТН кодтары 2710 19 110 0 – 2710 19 460 0), газойлдарды (СЭҚ ТН кодтары 2710 20 110 0 – 2710 20 190 0), толуолды, ксилолдарды (СЭҚ ТН кодтары 2902 30 000 0, 2902 41 000 0, 2902 42 000 0, 2902 44 000 0), мұнай битумын (СЭҚ ТН коды 2713 20 000 0) әкетуге тыйым салу енгізілсін".


Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті.

О внесении дополнения в Совместный приказ Министра энергетики Республики Казахстан от 8 октября 2024 года № 359, Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан от 8 октября 2024 года № 855/ке-қа, Министра финансов Республики Казахстан от 8 октября 2024 года № 680, Министра внутренних дел Республики Казахстан от 8 октября 2024 года № 747 «О некоторых вопросах вывоза нефтепродуктов с территории Республики Казахстан»

Согласно указанию изменением сроком до 30 июня 2025 года введен запрет на вывоз с территории Республики Казахстан за пределы таможенной территории Евразийского экономического союза легких дистиллятов (коды ТН ВЭД 2710 12 110 1 – 2710 12 310 0, 2710 12 700 0 – 2710 12 900 8), авиакеросинов и дизельного топлива (коды ТН ВЭД 2710 19 110 0 – 2710 19 460 0), газойлей (коды ТН ВЭД 2710 20 110 0 – 2710 20 190 0), толуола, ксилола (коды ТН ВЭД 2902 30 000 0, 2902 41 000 0, 2902 42 000 0, 2902 44 000 0), битума нефтяного (код ТН ВЭД 2713 20 000 0)).

Департамент государственных доходов по Кызылординской области.

ПАРАЗИТАРЛЫҚ ЭХИНОКОККОЗ АУРУЫ



Эхинококкоз - жаппай таралған табиғи ошақтық, созылмалы түрде өтетін гельминтоздар. Эхинококкоз личинкалары қан айналым жолдары арқылы бауырдың, өкпенің және басқада ағзалардың жеке немесе көптеген қуысты ісіктермен бұзылуына әкелі соғады. Аурудың қатты асқынуы нәтижесінде көбіне мүгедектікке және өлімге әкеледі. Жұқтырғаннан бастап клиникалық көріністер байқалғанға дейін бірнеше айлар, тіпті жылдар өтуі мүмкін.

Ауруды тудыратын құрт ең алғаш иттің, тұлкінің, қасқырдың, ши бөрінің аш ішектерінде өмір сүреді де нәжісімен сыртқа шығып, қоршаған ортаны ластайды. Сыртқа түскен эхинококк жұмыртқалары қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына өте төзімді.

Эхинококкоз жұмыртқаларымен жиі ластанатын аймақтар саябақтар, балалар көп ойнайтын үй ауалары болып табылады. Ауылдық жерлерде егер иттер байлаулы болмаса (қанғыбас иттер) кен аймақтар ластанады. Эхинококкозбен балалардың ауру қауіпі өте жоғары, өйткені олар итпен жиі ойнайды.

Ауру белгілері - эхинококк құртының қай ағзада орналасқанына байланысты. Бауыр эхинококкозымен ауырган адамның оң жақ қабырғасының асты сыздап ауырып, ауыр тартып тұрады. Егерде өкпе зақымданса кеуде тұсы сыздап ауырып, жөтел демікке пайда болады. Ауру асқынған жағдайда эхинококк көпіршігі жарылып, анафилактикалық шок дамуы мүмкін, паразиттер шашылып, басқа мүшелерге таралады (бауыр, өкпе, бүйрек кейде ми). Ауру асқынбаған жағдайда көп жылдарға созылады және кездейсоқ анықталуы мүмкін (жоспарлы рентгенография) немесе мақсатты тексеру кезінде. Эхинококкоз ауруы өте қауіпті аурулардың қатарына жатады, ауруға шалдыққандарға тек хирургиялық жолмен ота жасау арқылы сауықтыру шаралары жүргізіледі.

Жеке бас гигиенасы: малды, итті ұстағаннан кейін, бау бақшада әр түрлі жұмыстарды атқарған соң қолды міндетті түрде сабындап жуу қажет. Әрдайым көкөністер мен жеміс жидектерді мұқият жуып, суды қайнатып ішкен дұрыс. Балалардың қанғыбас иттермен ойнауына жол бермеу керек.

Медициналық профилактикалық шаралары - ауруды ертерек табу үшін қауіпті топтағыларды (малшыларды, қасапхана қызметкерлерін, ит бағатын мекеме жұмысшылары, ветеринария жұмыскерлері, бұрын эхинококкоз себебі бойынша операция жасалған немесе диспансерлік есепте тұрғандар) тұрақты зертханалық тексеру.

Осы аталған іс - шараларды мұқият орындағанда ғана, аурудың алдын аламыз. Ол бәріміздің қолымызда екенің ұмытпайық!

Р.БИМАҒАМБЕТОВ,
Сырдария аудандық СЭБ Басқармасының бас маманы.

КӨЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ 1 СӘУІРДЕ АЯҚТАЛАДЫ: ТӨЛЕМЕГЕНДЕРДІ НЕ КҮТЕДІ?



2024 жылға жеке тұлғалардың көлік салығын төлеу мерзімі осы жылдың 1 сәуірінде аяқталады. Егер салық уақытылы төленбесе, әр кешіктірілген күн үшін осімпул есептеледі.

Төлеуге қажетті салық сомасын азаматтар өз бетінше есептеуі қажет. Бұл үшін e-Salyq Azamat мобильді қосымшасындағы немесе Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтындағы калькуляторды пайдалануға болады.

15 наурыздан кейін көлік иелері алдына ала есептелген салық сомасын екінің денгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы PUSH-хабарламалар ретінде алады. Сондай-ақ, салықты банктердің мобильді қосымшалары немесе «Қазпошта» АҚ арқылы төлеуге болады.

Салық төленбесе не болады?

Егер салық уақытылы төленбесе, салық органдары мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады, атап айтқанда, салықтық берешек туралы хабарлама жібереді, берешекті өндіріп алу туралы салықтық бұйрық шығарады және оларды жеке сот орындаушыларына (ЖСО) мәжбүрлеп орындау үшін жібереді.

Өз кезегінде, сот орындаушылары борышкерлерге қатысты шаралар қолданады, соның ішінде мүлікке және банк шоттарына тыйым салу, сондай-ақ елден шығуға шектеу қою.

Сондай-ақ, борышкерлер банк қызметтерін пайдалана алмайды, банк шоттарын аша алмайды, ақша аударымдарын жасай алмайды, несие рәсімдей алмайды және т.б.

Д.САЛМURЗАЕВ,
Қазыла ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының бас маманы.

БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР

1) 2025 жылы ең төменгі жеткіліктілік шегі өзгере ме?

2025 жылға арналған ең төменгі жеткіліктілік шектерінің (ТЖШ) өлшемдері 2023-2024 жылдардағы деңгейінде өзгеріссіз қалды.

ТЖШ (Ең төменгі жеткіліктілік шегі) – бұл ай сайын ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес көлемдегі зейнетақымен қамтамасыз етуге қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі мөлшері. Сондықтан, БЖЗҚ-дағы жинақтың бір бөлігін мақсатты пайдалану үшін алған кезде салымшының жасына байланысты өзгеріп отыратын осы шекті сома шотта қалуы тиіс.

ТЖШ әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, сондай-ақ, болашақ зейнетақы жинақтарының болжамды есептеулеріне (ең төменгі жалақы мөлшерінен), инвестициялық кіріске, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшеріне, зейнетақының ең төменгі мөлшеріне, базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс мөлшеріне сүйеніп отырып айқындалады.

Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылы қазақстандықтарға зейнетақы жинағының артық бөлігін (ТЖШ-дан асатын) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, емделуге немесе сенімгерлік басқаруға беру мақсатында пайдалану мүмкіндігі берілді. Толық ақпарат БЖЗҚ-ның ресми сайтында қолжетімді.

2) Зейнетақы қорынан берілетін төлемдердің шегі бар ма?

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері шектеусіз. Ол зейнетақы жинақтарының мөлшеріне байланысты және әр азамат үшін жеке есептеледі. Жинақ сомасы 6,5%-ға көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Осылайша, ай сайынғы төлем мөлшері алынады. Жыл сайын ол 5%-ға артады. БЖЗҚ-дан берілетін төлемнің ең төменгі мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің кемінде 70% мөлшерінде болуға тиіс, ал ең жоғары мөлшері шектелмейді. Айта кету керек, төлемдер зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүргізіледі.

3) БЖЗҚ зейнетақы жинақтарын өз қалауы бойынша басқарады деген рас па? Зейнетақы жинақтары әртүрлі жобаларға жұмсалды ма?

Олай емес. БЖЗҚ міндеттері – инвестициялық кірісті қоса алғанда, жинақтардың есебін жүргізу, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру. Сондай-ақ, салымшылар мен алушыларға зейнетақы капиталын қалыптастыру бойынша қызметтер көрсету. Қор ҚР азаматтарының зейнетақы жинақтарын инвестициялаумен айналыспайды.

Зейнетақы активтерін басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ал 2021 жылдан бастап инвестициялық портфельді басқарушылар да жүзеге асырады. Барлық әрекеттер бекітілген Инвестициялық декларацияға сәйкес жүзеге асырылады. Ұлттық банк үшін зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі Үкімет қаулысымен, ал инвестициялық портфельді басқарушылар үшін – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қаулысымен бекітіледі.

Бұл барлық зейнетақы активтерінің рұқсат етілген қаржы құралдарына – мемлекеттік бағалы қағаздар, облигациялар, депозиттер және т.б. салынытынын білдіреді. Сенімгерлікпен басқарушылардың зейнетақы активтерін инвестициялаудың өзіндік стратегиялары бар және инвестициялық портфельдің құрылымын инвестициялық декларация шеңберінде дербес айқындайды. Инвестиция жасау үшін нақты құралдарды таңдау басқарушының стратегиясына және оның инвестициялардың сенімділігі мен кірістілігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеріне сүйеніп отырып жүзеге асырылады.

4) БЖЗҚ зейнет жасына толғуға байланысты қандай зейнетақы түрлерін төлейді?

Қазіргі зейнетақы үш құрамдауыштан тұрады: базалық, ортақ және жинақтаушы. БЖЗҚ тек жинақтаушы құрамдауыш бөлігін төлейді, ал базалық және ортақ зейнетақы мемлекет төлейді. Алайда, зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан жарналардың міндетті түрлері есебінен зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ, бюджеттен берілетін базалық және ортақ зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" (ХКҚО) корпорациясына жүгінулері қажет. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар ер адамдарға - 63 жасқа толғанда, ал әйел азаматшаларға 61 жасқа толған кезде беріледі. Әйелдердің жас шегі уақыт өте келе өзгереді. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жас; 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жас; 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жас; 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жас; 2031 жылғы 1 қаңтардан бастап - 63 жасқа толғанда;

Зейнетақы төлемін алуға өтініш берген кезде жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген 55 жасқа толған адамдар да кәсіптері уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тізбеді көзделген еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда еңбек қызметі тоқтатылған жағдайда, зейнетақы жинақтары арнаулы әлеуметтік төлем құрамында ала бастайды. Ол үшін ХКҚО -ға да жүгіну керек.

Зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар ала алады. Бұл жағдайда БЖЗҚ бөлiмшелеріне немесе БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинет арқылы жүгіну қажет.

Бұл төлемдердің барлығы кесте бойынша, яғни ай сайын жүзеге асырылады.

Ерікті зейнетақы жарналарын 50 жастан бастап немесе мүгедектігі бойынша алуға болады. Оның мөлшері мен жиілігін алушылар дербес белгілейді.

5) Адам қайтыс болғаннан кейін жинақтары БЖЗҚ-да қалады ма, әлде мемлекетке өте ме?

Салымшының барлық жинақтары оның меншігі болып табылады және олар мұрагерлікке өтеді. Қайтыс болған адамның отбасы жерлес төлемдерін ала алады, ал қалған ақша мұрагерлерге бөлінеді. Жерлеуге арналған төлем сомасы 94 айлық есептік көрсеткішті құрайды, бірақ шоттағы жинақтардан артық болмауы тиіс. Шотта қалған жинақтар ҚР Азаматтық Кодексінде белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Бұл өсиет бойынша мұрагерлік болуы мүмкін, онда отбасы мүшелеріне жатпайтын адамдар да көрсетілуі мүмкін. Өсиет қалмаған жағдайда, мұрагерлік тәртібі азаматтық заңнамамен анықталады. Бірінші кезектегі мұрагерлер - салымшының балалары, жұбайы және ата-анасы. Одан арғы кезектілік ҚР Азаматтық кодексінде айқындалған.

Егер мұрагер / мұрагерлер құжаттар топтамасын толық көлемде ұсынса, БЖЗҚ құжаттарды қабылдаған немесе БЖЗҚ-ға түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде төлемді жүзеге асырады. Қаражат мұрагердің/мұрагерлердің банктік шотына түседі.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

ЭКОЖАҒАЛЫҚТАР

ЭКОНОВОСТИ

КОМПАНИЯ LEGO БУДЕТ ПРОИЗВОДИТЬ ИГРУШЕЧНЫЕ ПОКРЫШКИ ИЗ ВЫБРОШЕННЫХ ВЕРЕВОК И МОТОРНОГО МАСЛА



Авторы портала New Atlas обратили внимание на то, что самым крупным производителем покрышек по объему является вовсе не Michelin или Bridgestone, а знаменитый датский производитель конструктора Lego, несмотря на то, что его покрышки - среди самых маленьких на планете.

В прошлом месяце датчане раскрыли, что ими был разработан новый материал, на который приходится примерно треть от состава производимых ими покрышек. Он уже был опробован в наборах конструктора компании, и в течение текущего года материал должен стать частью стандартной «рецептуры» при производстве покрышек.

Как заметили в Lego, они работали над материалом, получившим название rSEBS, что расшифровывается как переработанный стирол-этилен-бутилен-стирол, на протяжении последних пяти лет. Его создают из выброшенных веревок и сетей и переработанного моторного масла. Этот материал является частью инициативы компании по снижению потребности в ингредиентах из ископаемого топлива для различных кубиков и других деталей.

По материалам gismeteo.ru,
фото © StepanPopov / Shutterstock.com.

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ БУДУТ ИСПОЛЬЗОВАТЬ ДЛЯ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ О НАВОДНЕНИЯХ



Компания Amazon объявила о планах использовать искусственный интеллект для снижения рисков наводнений в Арагоне (Испания), где компания строит дата-центры.

Представители подразделения облачных вычислений до этого сообщили о планах вложить 15,7 миллиарда евро в расширение своей инфраструктуры в этом регионе. Теперь компания выделит 17,2 миллиона евро на проекты по борьбе с наводнениями, включая модернизацию инфраструктуры и оптимизацию водопользования в сельском хозяйстве с помощью ИИ.

Эти инвестиции стали ответом на разрушительные наводки, которые затопили территории вокруг Валенсии в мае 2023 года. Река Эбро, протекающая через Арагон, подвержена риску наводнений, и Amazon планирует создать систему раннего предупреждения. Она будет сочетать сбор данных в реальном времени, сенсорные сети и анализ на основе ИИ, позволяя экстренным службам заранее реагировать на угрозы.

Местные власти также занимаются строительством защитных сооружений после недавних катастроф.

По материалам gismeteo.ru,
фото © David Raw / Shutterstock.com.

Құрылтайшы -
Қызылорда
облыстық
«Сыр Табиғаты»
заңды тұлғалар
Ассоциациясы

Редактор
Акбота Абенова

Газет Қазақстан
Республикасы
инвестициялар және
даму Министрлігі
байланыс,
ақпараттандыру және
Ақпарат Комитетінде
қайта тіркелген.

Тіркеу куәлігі
№15905-Г, 25.03.2016ж.

Жекеленген
авторлардың пікірі
редакция көзқарасын
білдірмейді,
қолжазбалар
қайтарылмайды.
«Сыр Табиғаты»
газетінде жарияланған
мақала көшіріліп
басылса, сілтеме
жасалуы міндетті.

Жарнама және
хабарландыру мәтіні
мен мазмұнына
редакция жауап
бермейді.

Газет редакцияның
компьютер
орталығында теріліп,
беттеліп, «ASU» баспа
үйі» ЖШС сенімгерлік
басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің басылу
сапасына баспахана
жауапты.

Офсеттік басылым.
Көлемі 2 баспа табақ.

Жазылу индексі - 68116

Редакцияның
мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Қайнарбаев көшесі, №33.
Толық мәлімет алу үшін:
8-777-563-76-92
телефонына хабарласуға
болады.

E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

Басылым апта
сайын жарық
көреді

Тапсырылыс
№ 453

Таралым 500



ТОО «КазЭкосистемс»

(гослицензия 01259 №0042510
от 25.09.2008 г.) представляет
следующие виды услуг в области
охраны окружающей среды:

- Оказание консультационных услуг в области охраны окружающей среды
- Составление и содействие в подаче заявления о намеряемой деятельности в уполномоченный орган в области ООС
- Организация в проведении общественных слушаний
- Подготовка отчета о возможных воздействиях при оценке воздействия на окружающую среду
- Подготовка послепроектного анализа отчета о возможных воздействиях
- Составление заявления на получение экологического разрешения на воздействие, в том числе:
 - Составление программы управления отходами для I и II категории
 - Составление программы производственного экологического контроля (ПЭК)
- Составление паспорта опасного отхода
- Составление проекта плана мероприятий по охране окружающей среды
- Составление отчета производственного экологического контроля
- Разработка раздела «Охрана окружающей среды» в составе проектной документации при подготовке декларации для III и IV категории
- Подготовка и содействие в подаче декларации о воздействии на окружающую среду для III категории
- Составление проектов обоснования санитарно-защитной зоны (предварительная, окончательная)
- Составление квартальных отчетов, согласно условий экологического разрешения, статистических отчетов, налоговых отчетов по форме 870.00.
- Консультация и содействие в формировании пакета документов для получения лицензии для юридических лиц, занимающихся деятельностью по переработке, обезвреживанию, утилизации и (или) уничтожению опасных отходов.

Наш адрес: г. Кызылорда,
ул. Байтурсынова, 48.
эл.адрес kazecosystems@mail.ru
тел. 8 7242 27 52 99

ПРИБРЕТАЙТЕ ПОДПИСКУ И ПОЛУЧАЙТЕ СВЕЖИЕ ВЫПУСКИ ГАЗЕТЫ ПО ЭЛЕКТРОННОМУ АДРЕСУ

syr.tabigaty@gmail.com
www.syrtabigaty.kz

Наш адрес: г.Кызылорда, ул.Кайнарбаева, 33
+7 777 563 76 92



07.03.2025 № 60

ЖК «Казинжэкопроект»

ЭФИРЛІК АНЫҚТАМА

«QYZYLORDA» телеарнасы 2025 жылдың 6 наурызындағы №49 келісім-шарт негізінде 8, 9, 10, 11, 12 наурызда «Mediamarket» айдары арқылы төмендегідей мәтінде хабарландырулардың эфирге шығатынын растайды.

8 наурыз

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 96-БАБЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС 2025 ЖЫЛДЫҢ 14 СӘУІРІ САҒАТ 15:30-ДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ, ЖОСАЛЫ КЕНТІ, Т. ИЗТИЛЕУОВ КӨШЕСІ, 3«А» МЕКЕН-ЖАЙЫНДА «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМДЕРІМЕН 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН "ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ" АҚ «ОҢТҮСТІК-БАТЫС ҚАРАБҰЛАҚ» КЕН ОРНЫ ҮШІН АТМОСФЕРАҒА ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ МЕН ТӨГІНДІЛЕРІНІҢ НОРМАТИВТЕРІНІҢ ЖОБАСЫН ТҮЗЕТУ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС НЫСАНЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ.

ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ, ЖАППАСБАЙ БАТЫР КӨШЕСІ, 35 МЕКЕН-ЖАЙЫНАН АЛУҒА БОЛАДЫ. «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ» ЖК. ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» В СООТВЕТСТВИИ С ТРЕБОВАНИЯМИ СТАТЬИ 96 ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, СООБЩАЕТ, ЧТО 14 АПРЕЛЯ 2025 ГОДА В 15 ЧАСОВ 30 МИНУТ ПО АДРЕСУ: КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, КАРМАКШИНСКИЙ РАЙОН, ПОС. ЖОСАЛЫ, УЛ. Т. ИЗТИЛЕУОВА, 3«А» СОСТОЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ В ФОРМЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «КОРРЕКТИРОВКА ПРОЕКТА НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ И СБРОСОВ ВРЕДНЫХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРУ ДЛЯ МЕСТОРОЖДЕНИЯ «ЮГО-ЗАПАДНЫЙ КАРАБУЛАК» АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКӨЛ РЕСОРСИЗ» НА 2025 ГОД С РАЗДЕЛАМИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ».

ДОПОЛНИТЕЛЬНУЮ ИНФОРМАЦИЮ МОЖНО ПОЛУЧИТЬ ПО АДРЕСУ: Г. КЫЗЫЛОРДА, УЛ. ЖАППАСБАЙ БАТЫРА, 35. ИП «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ». ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 96-БАБЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС 2025 ЖЫЛДЫҢ 14 СӘУІРІ САҒАТ 16:30-ДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ, ЖОСАЛЫ КЕНТІ, Т. ИЗТИЛЕУОВ КӨШЕСІ, 3«А» МЕКЕН-ЖАЙЫНДА «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМДЕРІМЕН 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН "ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ" АҚ «ҚАРАБҰЛАҚ» КЕН ОРНЫ ҮШІН АТМОСФЕРАҒА ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ МЕН ТӨГІНДІЛЕРІНІҢ НОРМАТИВТЕРІНІҢ ЖОБАСЫН ТҮЗЕТУ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС НЫСАНЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ.

ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ, ЖАППАСБАЙ БАТЫР КӨШЕСІ, 35 МЕКЕН-ЖАЙЫНАН АЛУҒА БОЛАДЫ. «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ» ЖК. ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКӨЛ РЕСОРСИЗ» В СООТВЕТСТВИИ С ТРЕБОВАНИЯМИ СТАТЬИ 96 ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, СООБЩАЕТ, ЧТО 14 АПРЕЛЯ 2025 ГОДА В 16 ЧАСОВ 30 МИНУТ ПО АДРЕСУ: КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, КАРМАКШИНСКИЙ РАЙОН, ПОС. ЖОСАЛЫ, УЛ. Т. ИЗТИЛЕУОВА, 3«А» СОСТОЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ В ФОРМЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «КОРРЕКТИРОВКА ПРОЕКТА НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ И СБРОСОВ ВРЕДНЫХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРУ ДЛЯ МЕСТОРОЖДЕНИЯ «КАРАБУЛАК» АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКӨЛ РЕСОРСИЗ» НА 2025 ГОД С РАЗДЕЛАМИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ».

ДОПОЛНИТЕЛЬНУЮ ИНФОРМАЦИЮ МОЖНО ПОЛУЧИТЬ ПО АДРЕСУ: Г. КЫЗЫЛОРДА, УЛ. ЖАППАСБАЙ БАТЫРА, 35. ИП «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ». ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

QYZYLORDA

9 наурыз

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 96-БАБЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС 2025 ЖЫЛДЫҢ 15 СӘУІРІ САҒАТ 16-ДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, СЫРДАРІЯ АУДАНЫ, ТЕРЕҢӨЗЕК КЕНТІ, ҚОНАЕВ КӨШЕСІ, 8 МЕКЕН-ЖАЙЫНДА «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМДЕРІМЕН 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» АҚ «ҚҰМКӨЛ», «ОҢТҮСТІК ҚҰМКӨЛ» КЕН ОРЫНДАРЫ ҮШІН АТМОСФЕРАҒА ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ МЕН ТӨГІНДІЛЕРІНІҢ НОРМАТИВТЕРІНІҢ ЖОБАСЫН ТҮЗЕТУ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС НЫСАНЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ.

ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ, ЖАППАСБАЙ БАТЫР КӨШЕСІ, 35 МЕКЕН-ЖАЙЫНАН АЛУҒА БОЛАДЫ. «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ» ЖК. ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКОЛЬ РЕСОРСИЗ» В СООТВЕТСТВИИ С ТРЕБОВАНИЯМИ СТАТЬИ 96 ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, СООБЩАЕТ, ЧТО 15 АПРЕЛЯ 2025 ГОДА В 16 ЧАСОВ ПО АДРЕСУ: КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, СЫРДАРЬИНСКИЙ РАЙОН, ПОС. ТЕРЕНОЗЕК, УЛ. КОНАЕВА 8, СОСТОЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ В ФОРМЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «КОРРЕКТИРОВКА ПРОЕКТА НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ И СБРОСОВ ВРЕДНЫХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРУ ДЛЯ МЕСТОРОЖДЕНИЯ «КУМКОЛЬ», «ЮЖНЫЙ КУМКОЛЬ» АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКОЛЬ РЕСОРСИЗ» НА 2025 ГОД С РАЗДЕЛАМИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ».

ДОПОЛНИТЕЛЬНУЮ ИНФОРМАЦИЮ МОЖНО ПОЛУЧИТЬ ПО АДРЕСУ: Г. КЫЗЫЛОРДА, УЛ. ЖАППАСБАЙ БАТЫРА, 35. ИП «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ». ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 96-БАБЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС 2025 ЖЫЛДЫҢ 16 СӘУІРІ САҒАТ 10:30-ДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ, ЖАЛАҒАШ КЕНТІ, ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІ, 7 МЕКЕН-ЖАЙЫНДА «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМДЕРІМЕН 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» АҚ «АРЫСКҰМ» КЕН ОРНЫ ҮШІН АТМОСФЕРАҒА ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ МЕН ТӨГІНДІЛЕРІНІҢ НОРМАТИВТЕРІНІҢ ЖОБАСЫН ТҮЗЕТУ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС НЫСАНЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ.

ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ, ЖАППАСБАЙ БАТЫР КӨШЕСІ, 35 МЕКЕН-ЖАЙЫНАН АЛУҒА БОЛАДЫ. «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ» ЖК. ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКОЛЬ РЕСОРСИЗ» В СООТВЕТСТВИИ С ТРЕБОВАНИЯМИ СТАТЬИ 96 ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, СООБЩАЕТ, ЧТО 16 АПРЕЛЯ 2025 ГОДА В 10 ЧАСОВ 30 МИНУТ ПО АДРЕСУ: КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ЖАЛАҒАШСКИЙ РАЙОН, ПОС. ЖАЛАҒАШ, УЛ. ЖЕЛТОҚСАН, 7 СОСТОЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ В ФОРМЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «КОРРЕКТИРОВКА ПРОЕКТА НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ И СБРОСОВ ВРЕДНЫХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРУ ДЛЯ МЕСТОРОЖДЕНИЯ «АРЫСКУМ» АО «ПЕТРО КАЗАХСТАН КУМКОЛЬ РЕСОРСИЗ» НА 2025 ГОД С РАЗДЕЛАМИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ».

ДОПОЛНИТЕЛЬНУЮ ИНФОРМАЦИЮ МОЖНО ПОЛУЧИТЬ ПО АДРЕСУ: Г. КЫЗЫЛОРДА, УЛ. ЖАППАСБАЙ БАТЫРА, 35. ИП «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ». ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

10 наурыз

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 96-БАБЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС 2025 ЖЫЛҒЫ 16 СӘУІРДЕ САҒАТ 15:30-ДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ, ЖАЛАҒАШ КЕНТІ, ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІ, 7 МЕКЕН-ЖАЙЫНДА «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМДЕРІМЕН 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» АҚ «МАЙБҰЛАҚ» КЕН ОРНЫ ҮШІН АТМОСФЕРАҒА ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ НОРМАТИВТЕРІНІҢ ЖОБАСЫН ТҮЗЕТУ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС НЫСАНЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ.

ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ, ЖАППАСБАЙ БАТЫР КӨШЕСІ, 35 МЕКЕН-ЖАЙЫНАН АЛУҒА БОЛАДЫ. «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ» ЖК. ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКОЛЬ РЕСОРСИЗ» В СООТВЕТСТВИИ С ТРЕБОВАНИЯМИ СТАТЬИ 96 ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, СООБЩАЕТ, ЧТО 16 АПРЕЛЯ 2025 ГОДА В 15 ЧАСОВ 30 МИНУТ ПО АДРЕСУ: КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ЖАЛАҒАШСКИЙ РАЙОН, ПОС. ЖАЛАҒАШ, УЛ. ЖЕЛТОҚСАН, 7, СОСТОЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ В ФОРМЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «КОРРЕКТИРОВКА ПРОЕКТА НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ ВРЕДНЫХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРУ ДЛЯ МЕСТОРОЖДЕНИЯ «МАЙБҰЛАҚ» АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКОЛЬ РЕСОРСИЗ» НА 2025 ГОД С РАЗДЕЛАМИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЬ».

ДОПОЛНИТЕЛЬНУЮ ИНФОРМАЦИЮ МОЖНО ПОЛУЧИТЬ ПО АДРЕСУ: Г. КЫЗЫЛОРДА, УЛ. ЖАППАСБАЙ БАТЫРА, 35. ИП «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ». ТЕЛ. 8-701-112-60-99. E-MAIL: NASTYA_SETA@MAIL.RU

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

